



## №26 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық нарық операциялары туралы

2015 жылғы 15 мамыр

Алматы қ.

Ұлттық Банк Басқармасы Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу режиміне біртіндеп өту жөніндегі шараларын көрсететін Қазақстанның 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясатын мақұлдады.

Қазақстанда инфляциялық таргеттеуді біртіндеп енгізу трансмиссиялық тетіктің пайыздық арнасының рөлін күшейтуді, оның ішінде ақша-кредит саясаты құралдарының тізбесін және олар бойынша кепілмен қамтамасыз етуді кеңейту арқылы жүргізуді көздейді.

2015 жылғы 8 мамырда Ұлттық Банк аталған шараларды іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк банктердің теңгедегі өтімділікке қолжетімділігін ұлғайту мақсатында ақша-кредит саясатының құралдары бойынша кепілмен қамтамасыз ету тізбесін кеңейту туралы шешім қабылдады. Сонымен бірге, теңгедегі құралдардың тартымдылығын арттыру мақсатында ашық нарық – кері РЕПО және валюталық своп операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемелер арасындағы дифференциал ұлғайтылды.

Бұл шаралар инфляциялық тәуекелдерді және Қазақстан экономикасының өсу перспективаларын талдау негізінде қабылданды. Мәселен, 2015 жылдың басынан бастап экономикамыз үшін оң үрдістер байқалып отыр. Brent сұрыпты мұнай бағасы өсіп, бір баррель үшін 60 доллардан жоғары болып отыр. Инфляция деңгейінің төмендеуі байқалып отыр, ол сәуірдің қорытындысы бойынша 4,6%-ды құрады (2014 жылғы сәуірде 6,5%). Жұмыссыздық деңгейі 2015 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша 5,0 пайызды құрады. Осы жағдайларда Ұлттық Банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатын жүргізуін жалғастыруда.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639,

+7 (727) 2704 585,

+7 (727) 3302 497,

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz),

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)